

Диссертациялық кенес
туралы үлгі ережесі
5-көсімшілә

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Рысберген Кыздархан Құрманғызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Жазыкова Раушан Балғалиевианың «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/Н №	Олшемшарттар	Олшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұскаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді қарсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>«Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» деген тақырыпка жазылған диссертация Қазақстан Республикасының томендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтыны // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - КР Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәнгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер.
		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	Диссертациялық жұмысты ұсынуши докторант КР Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер» басым бағыты бойынша орындалған ЖТН АР 09259776 – «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық қаржыландыру жобасының жұмыс тобының мүшесі ретінде зерттеу жүргізген. (2021-2023 жж.). Келісімшарт 145/36-21-23, 7 сәуір 2021 жыл.

	<p><u>3) диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету) келеді.</u></p>	<p>Қазакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (ХХІ ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер. 27. 04.2016 ж).</p>
2.	<p><u>Ғылым үшін маныздылығы</u></p> <p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маныздылыны анылған/ашылмаган.</u></p>	<p>Ономастикалық дискурс проблемасы отандық ономастикада алғаш рет диссертациялық зерттеу нысаны болып отыр. Диссидент Р.Б.Жазыкованың зерттеу нәтижелері ономастиканың дискурстық теориясын дамытуға елеулі үлесін қосады. Ал оның маныздылығы ономастикалық атауларды дискурстық аспектіде талдан. ономастика мен дискурс талдау теорияларын сабактастыра отырып ономастикага дискурстық аспектіде, ал дискурска ономастика аспектінде анықтама ұсынуынан, ономастикалық дискурс пен мәтіннің аракатынасы мен айырмасы анықтаудынан, онимге ономастикалық дискурс және мәтін түрғысынан талдау алгоритмін ұсынуынан көрінеді. Ономастикалық дискурста онимнің қолданылуының дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рол ретіндегі сипаты анықталған, салыстырылған. Ономастикалық атаулардың дискурстық өрісі («Ұмай ана» онимін талдауды негізінде) талданған. Онимдердің тілдік санада ассоциациялануы, есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке кабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында және ата-аналардың балаға есім тандаудындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған 261 респондент катысан сауалнама алынып, нәтижелері талданып, корытынды ұсынылған. нәтижесінде ғылыми-практикалық ұсыныс берілген. Онимдердің ономастикалық дискурска катысты алғанда мәтіндік сипаты үш түрлі болатыны («сығылған», «бүгілген», «кішірейтілген») зерделенген. Ономастикалық дискурс бірлігінің әлеуметтік және мәдени код ретіндегі сипаты, олардың айырмашылығы «Астана» қаласы атауының әр жылдардагы өзгерісін талдау негізінде сараланған.</p> <p>Ұлттық статистика бюросының Қазакстан Республикасы</p>

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінін 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында койылған танымал есімдер көстесіндегі антропонимдерге дискурстық талдау жасалып, мынадай үрдіс бар екендігі аныкталған: ер балалар есімдері, кобінесе, араб және исламдық мәнге ие, қыз балалар есімдері арасында да исламдық есімдер көп, бірақ қазақы және тарихи есімдер сакталған. Қазақ есімдері азайып (2020-2025 жылдары койылған ен танымал есімдердің 30-40%), шетелдік есімдер (2020-2025 жылдары койылған ен танымал есімдердің 60-70%-ы араб, парсы немесе евроналық кірме есімдер) көбейіп келеді. Диссертацияда бұл үрдістің себептері (діни сенім, тарихи сана, жаһандану және фонетикалық талиғам) көрсетілген. Ономастикалық дискурс түргысынан танымал есімдерді дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рол, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени код ретінде қызмет етуі талданып, сипатталған. Ономастикалық атаулардың цифрлық дәүірдегі медиадискурстагы қайта түсіндірілуі (семантикалық трансформациясы), символдық мәнге ие болуы, идеологиялық максатта колданылуы нақты мысалдармен талданған. Диссертацияда 77 оним (9 топоним, 6 гидроним, 4 этноним, 58 антропоним) ономастикалық дискурс бірлігі ретінде алынып, олардың лингвистикалық және дискурстық мәні айқындалған. Онимдер тек номинация құралы ғана емес, тарихи жадты, мәдени кодты, ұлттық бірегейлікі сактаудың құралы болатындығы тұжырымдалған. Зерттеудің ғылыми маныздылығын көрсететін нәтиженің бірі ретінде диссертанттың онимдерге ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін түргысынан талдау жасау алгоритмін алғаш рет ажыратып ұсынуын атауға болады. Диссертацияда ономастикалық дискурс теориясының ғылыми аппаратын байытып, метатілін жетілдіруге жасалған қадамдар да жұмыстың ғылыми маныздылығының ашылғанын танытады. Алынған зерттеу нәтижелері ономастика, когнитивті лингвистика, дискурсолология салаларын дамытуда айтартылған жағдайда үлес коса алады және манызды деп санаймыз,

			диссертацияда маңыздылығы накты анылған.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) орташа; 3) томен; 4) озі жазбаган.	Жазыкова Раушан Балгалиеваның озі жазу деңгейі жоғары. академиялық жазу көнілдіктері мен стиін менгерген, озіндік сыйни көзкарасы калыптаскан, ғылыми ойды накты жеткізе білген. Озінің жеке пайымдауларын ұсына отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдалап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей алған. Диссертанттың корғауға ұсынып отырган тұжырымдары – зерделенген және жариялаган жұмыстарының нәтижесі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделmesі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (7-8-беттер). Ономастикалық атауларды тек лексикалық және грамматикалық құрылымға ие тілдік бірлік кана емес. магыналық және идеологиялық «жүк көтеретін» дискурстық бірлік ретінде талдап, олардың тілде сакталған ұлттық-мәдени мазмұнды ұрнактан ұрапакка жеткізуі мұрагерлік қызыметін, олардың тарихи жадты, мәдени кодты, ұлттық бірегейлікті сактаудың құралы болуын, ономастикалық атаулардың медиадискурста дискурстық стратегиялар арқылы қайта түсіндірлуін (семантикалық трансформациясын), символдық мәнге ие болуын, белгілі бір идеологиялық максаттар үшін колданылуын дискурстық аспектіде талдау – арнайы әрі жеткілікті зерттелмеген тын тақырып. Ономастикалық зерттеулер казак тіл білімінде құрылымдық, танымдық қырынан жан-жакты әрі терен зерттелгеніне қарамастан, ономастиканы дискурстық аспектіде арнайы зерттеген ғылыми еңбек жеткіліксіз. Диссертация тақырыбы осы тұрғыдан да өзекті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және корғауға ұсынылып отырган тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (12-13 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да ономастикалық дискурстың ерекшеліктерін ономастикалық атауларды дискурстық бірлік ретінде түсінуден бастап, оның дискурстық өрісін, мәтіндік сипаттын, танымдық құрылымы мен символдық жүктемесін, мәтін

		бірлігі ретіндегі сипатынан айырмасын т.б. мәселелерді дискурстык талдау аспектісінде зерделеуге бағытталған.
4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	<p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың максаты – ономастикалық мәселелерді дискурстык әрекет ретінде карастырып, онимдерді шынайы өмірдегі үдеріс әрі сол үдерістің нәтижесі ретінде зерттеу және ономастикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктерін анықтау. Аталған максаттар мен оған кол жеткізуденін міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді. жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссидентант койылған максат-міндеттерге толық кол жеткізген (8-9 беттер).</p>
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыскан:	<p>1) <u>толық байланыскан</u>;</p> <p>2) ішінара байланыскан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың кұрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, корытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен косымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссидентант аталған болімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырган және жүйелі түрде берген.</p> <p>Атап айтқанда, бірінші бөлімде (16-67 беттер) ономастикалық дискурстың теориялық негіздерін сипаттау, ономастикада мен дискурс теориясының байланысын, ономастиканы зерттеудің дискурстык аспектісінің ерекшеліктерін, онимін ономастикалық дискурс пен мәтін бірлігі ретіндегі айырмасын, дискурстык өрісін теориялық тұрғыдан талдау, нақты деректермен дәйектеген.</p> <p>Екінші бөлімде ономастикалық дискурстағы танымдық модельдерге талдау жасаған (68-132 беттер). «Қазығұрт», «Ырғыз» мифотопонимдерге лингвистикалық және концептуалдық талдау жүргізу арқылы «Қазығұрт» онимінің когнитивтік 7 моделін, «Ырғыз» онимінің когнитивтік 3 моделін аныктап, олардың құрамындағы ұғымдық (фактуалды), бейнелі-ассоциативтік және аксиологиялық (күндылықтық) компоненттерді саралаган. Нәтижесінде, ономастикалық дискурстағы атаулар мазмұнында шоғырланған әлеуметтік-мәдени білім қырлары төрөн танымдық деңгейде тілдік таңбалар арқылы кодталатыны және ол мазмұн когнитивтік әрі тілдік әдістер арқылы қайта құрылымдалатыны аныкталған. Ономастикалық</p>

дискурс бірлігі ретінде Бұрканбұлак. Есік, Әулиесу, Жайық және «Жер-Су» атаулары алымын, оларға көзісты тілдік, мифологиялық т.б. білімдер жинаятап, этимологиясын зерделен ономастикалық дискурстагы мифологиялық уәжілерін тануға үмтүлган. Таңдауга алынған дискурстық бірліктердің мифтік мәтіндер мазмұнымен, сол арқылы орнықкан мәдени символдармен тығыз байланыстырыны анықталып, бірақ бұл мифтік мазмұн мен символдық мән атаулардың біреулерінен (Есік, Жайық) бірден көрінбейтіні, оны тану үшін аталған атауларға байланысты мифтік мәтін мазмұнын білу керектігі, ал Бұрканбұлак. Әулиесу атауларының кұрамында олардың мифтік мазмұны ашық көрініс тапқаны (аудие. Бурхан) тұжырымдалған. Бұл тараудың үшінші тармағы мифогидронимдердің ішкі құрылымы мен олардың мазмұнындағы символдық мәнді анықтауға арналды. Арыс, Аксу, Жер-Су, Жылаған ата т.с.с. гидронимнің мағынасында сакталған мифтік білімді саралау, гидронимді мифтік дүниетаным бөлшегі сапасында алып, оның мазмұнында бескітілген имплицитті, эксплицитті мифтік ақпараттарды ашу ономастикалық дискурста ғана мүмкін болатыны дәлелденген. Ономастикада халықтық лингвистика элементтері, яғни атауларға берілген халықтық түсініктер, аныз-әнсаналар арқылы жасалған лексикалық интерпретациялар ерекше орын алатыны аталып, Мираж, Манырашты, Шапырашты, Жалайыр сияқты этнонимдерге көзісты халық арасында таралған түсініктер мен аныздар талданды. Бұлар тек этностың атауы ретінде емес, белгілі бір тарихи, генеалогиялық, сакралды оқигалармен байланысты қарастырылады. Мұндай түсініктер халықтың өз тегін тану, дүниені кабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде ономастикалық дискурстың калыптасуына үлес косатыны зерделенген. Аталған атаулардың құрылымына, уәжділігіне және олардың халықтық лингвистикалық интерпретацияларына дискурстық талдау жасалды. Сондай-ақ бұл белімде казіргі есімдердің ономастикалық дискурсына сипаттама беріліп талдау жасалған. Ол үшін 2020-2025 жылдары Қазақстанда қойылған танымал есімдерге дискурстық талдау жасалып, ат қоюда үліткілік дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатканы

		<p>анықталған. Діни қабаттаңы есімдердің көп қойылуы көнамдагы діни ықпалдың басымдығын көрсетеді. Ат қоюда, балага есім тандауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді тандауды насиҳаттау қажеттігі аңгарылған. Казіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке кабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында және ата-аналардың балага есім тандаудагы ұстанымдарын, оған әсер етегін факторларды анықтау мақсатында сауалнама алғынан, талданып, корытындыланған. Сауалнама жауаптарын талдау негізінде гылыми-практикалық ұсыныс берілген.</p> <p>Зерттеу жұмысының барлық болімдері бір-бірімен логикалық байланысан.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сини талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жок.</p>	<p>Жазыкова Раушан Балғалиевнаның өзіндік пікірін білдіретін сини талдаулар бар. Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, ономастикалық дискурстың теориялық негізіне алынған теориялардың негізгі тұжырымдарын салыстыра талдай отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін саралауы, кестеге түсіріп жүйелеуі (17-18 бб.), сауалнама жауаптарына жасалған дискурстық талдаулары мен соның негізіндегі гылыми-практикалық ұсыныстары (130-131-бб) автордың жаңа шешімдерін өзіндік сини талдауга негізделгенін анық танытады.</p>	
5.	<p>Гылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Гылыми нәтижелер мен ережелер жана ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның гылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Оның жаңа болуы зерттеу жұмысында ономастикалық атаулардың алғаш рет дискурстық аспектіде арнайы талдануымен, ономастикалық дискурсты зерттеудін теориялық негізін ономастика мен дискурс талдау теориясын сабактастырып шығаруымен, соның негізінде ономастикаға дискурстық аспектіде, ал дискурска ономастика аспектісінде анықтама ұсынуымен, ономастиканы зерттеудін дәстүрлі және дискурстық аспектілерінің салыстырылуымен, ономастиканың дискурстық аспектісі, ономастикалық дискурс терминдеріне анықтама беріліп,</p>

ономастикалық дискурс пен мәтіннің аракатынасы мен айырмасының анықталуымен. Онимге ономастикалық дискурс және мәтін тұрғысынан талдау алгоритмінің ұсынылуымен. Онимнің колданылуының дискурстүк бірлік, дискурстүк күрал, дискурстүк рол ретіндегі сипатының салыстырылуымен. дискурстүк өрісінің талдануымен сабактасып жатыр.

Диссертацияда көзіргі есімдердің ономастикалық дискурсын анықтау мақсатында жүргізілген 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында койылған танымал есімдер кестесіндегі антропонимдерге және арнайы алынған сауалнама материалдарына алғаш рет дискурстүк талдау жасалуы оның нәтижелерінің жаңа екенін негіздейді.

Зерттеудің жаңа нәтижесінің бірі – онимдерге ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін тұрғысынан талдау жасау алгоритмінің алғаш рет ажыратылып ұсынылуы.

5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);
- 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).

Фылыми жұмыста алынған алты корытынды толығымен жаңа. Алғашкы тұжырымда ономастикалық дискурсты белгілі бір этноса тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сінірген жалғыз есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі деп аныктап, ол атаулардың когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпактан ұрпакка ұлттық код ретінде тасымалданатынын, ерекшеліктерінің тілдік жүйеде анықталатын лингвистикалық және коммуникативтік жүйеде айқындалатын дискурстүк мәнінен көрінетіндігін, ономастикалық атаулардың дискурстүк мәнінің олардың лингвистикалық мәніне тәуелділігін тұжырымдауы мен ономастиканың дискурстүк аспектісі терминіне берген аныктамасы жаңа деп санаймыз.

Ономастикалық дискурста атаулардың когнитивтік-дискурстүк сипатта болатыны, оны ономастикалық атауға байланысты жинақталған мәтіндер жиынтығы (дискурстүк өрісі) қалыптастыратыны. дискурстүк сипаттың накты коммуникативтік жағдаятта қатысушылардың санасында өзектеліп, қозғалыска түскен кезде айқындалатындығы туралы тұжырымы – жаңа. Ономастикалық атаулардың дискурстүк бірлік ретінде

карастырылатынына. олардын өз дискурстык орісін қалыптастыратынына, ол орістің ономастикалық дискурстың кұрамдағас бөліктерімен («атауды беруші (тіл иесі – халық)», «атау (ономастикалық бірлік)», «атауды қолдануны (тіл тұтынушысы)», «сөйлеу жағдаятына сай атаудың мағынасын аныктайтын мәтін немесе білім») бірге жүмсалатынына көткесті тұжырымы – жана.

Төртінші корытындыда ономастикалық атаулардың дискурстык әрекеттің кұрамдағас бөлігі болатыны және өзі сол дискурстың барысында қалыптасып, сол дискурстың нәтижесі ретінде атауыштық мәнге ие болатыны, әрі дискурсты қалыптастыруда бастапкы материал – «шикізат» ретінде де кызмет аткаралыны, қарым-қатынас кезінде ономастикалық атаулардың астарында жатқан мәтіндік аппарат ұғынылатыны туралы тұжырымы – жана.

Бесінші тұжырымда Қазакстандағы 2020-2025 жылдары қойылған танымал есімдерді талдау негізінде есімдердің қоғамдағы діни, ұлттық және жаһандық дискурстардың тоғысуын көрсететіндігі. әрі ономастикалық дискурста бұл есімдердің тек атау ғана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың корінісі болатыны аталаған, танымал 20 есіммен есептегендеге ер балаларға қойылатын есімдердің 60-70% араб-парсы және исламдық есімдер, 30-40% казакша немесе түркілік есімдер, ал қыз балалар есімнін 50-60% араб-парсы, 40-50% казакы есімдер екенін салыстырылған. казак ұлдарына исламдық есімдер көбірек қойылғанын, ат қыздар арасында казакша есімдер біршама сакталғанын аныктаған. Исламдық есімдер ұл балалар арасында өте танымал, ал қыз есімдерінде ұлттық әрекешліктер көбірек сакталған. Бұл үрдіс діни сенім, тарихи сана. жаһандану және фонетикалық талғам сияқты факторларға байланысты қалыптасып отырғанын, есімдерді дискурстық аспектіде талдау ат коюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқанын білдіргенін, діни қабаттағы есімдердің көп қойылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсететінін, ат коюда балаға есім тандауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді тандауды насиҳаттау керектігін, казакы есімдерді дәріптеу және ұлттық есімдерге басымдық беру кажеттігін

		<p>тұжырымдаган.</p> <p>Тұжырым накты 2020-2025 жылдары койылған танымал есімдерді арнайы салыстыра талдау арқылы және сауалнама материалдарын саралау негізінде алынгандықтан – жана;</p> <p>Алтыншы тұжырым – жана. Ол сауалнама нәтижесінің негізінде алынған. Казак қогамында балаға есім тандауда отбасылық құндылықтар мен дәстүрлі шешім кабылдау үлгісі сакталып отырғаны респонденттердің 70.5 %-ының жауабымен расталған. Казак қогамында есім берудің тек ата-ананың емес, бүкіл әулеттің келісімімен берілетін манызды әлеуметтік акт екендігі және оның ұжымдық сана мен мәдени дәстүрдің көрінісі саналатыны, ата мен әжелердің есім беруге катысуы, ырым ету, ақылдасу – әулеттік-мәдени кодтың белсенділігін айғактайтыны, әрі генеалогиялық жадтың (отбасы шекіресінін) ономастикага әсерін танытатыны талдау негізінде тұжырымдалған. Балаға есім тандауда индивидуализм-дербес тандау арта бастағаны 16,4 % респондент жауаптарымен дәйектелгені. мұның модернизацияланған отбасылық құрылымның әсерінен екені, қогамда есім тандауда сыртқы медиалық контенттен гері ішкі дәстүр басым болғанымен, жаһанданудың, инфлюенсерлік мәдениеттің, трендтік есімдердің біртіндеп ене бастағаны айқындалып, корытынды жасалған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>;</p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін колданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және негізделген.</p>
6.	<p>Негізгі корытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, ономастиканың дискурстық теориясын негіздеуде ономастикалық атаудың этимологиялық, семиотикалық, прагматикалық және дискурсты зерттеудің құрылымдық, постструктуралистік, әлеуметтік-</p>

	гуманитарлық тұлымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	саяси, сини талдау, феминистік және мәдени дискурсе теорияларының тұжырымдарын сабактастырып, соларды негізге алған. Ономастиканың дискурстық теориясын жана тұлымы бағыт ретінде карастыруды негізден. онимдерді ғұлған, сынылған, кішірейтілген мәтінмен тенденстіретін Е.Ю. Позднякова, М.В.Горбаневский, Л.Н. Мурzin, С. Штерн, Н.В. Михайлукова енбектеріндегі тұжырымдарға сүйене отырып, ономастикалық атауларға дискурстық талдау жасау нәтижесінде кол жеткізген корытындыларын негіздеген (16-34 беттер): Онимнің дискурс пен мәтін бірлік сипатын ажыратып талдауда Е.С. Кубрякованың тілді зерттеуге колданған методологиясы пайдаланылып, «Ақмола» онимнің дискурс бірлігі мен мәтін бірлігі сипаты талданып, онимдерді ономастикалық дискурс пен мәтін бірлігі ретінде талдау алгоритмін ұсынған (36-47-беттер):
7.	Корғауга шыгарылған негізгі ережелер Эрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру кажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенің тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) <u>ия;</u> 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	Корғауга шыгарылған негізгі ережелер: 1-тұжырымда ономастикалық дискурсты белгілі бір этноса тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сінірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі дең аныктайды да, бұл атаулардың когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпактан ұрпакқа ұлттық код ретінде тасымалданатынын, оның ерекшелігі лингвистикалық және дискурстық мәнінен корінетіндігі, онномастикалық дискурстың лингвистикалық мәні тілдік жүйеде, ал дискурстық мәні коммуникативтік жүйеде анықталатыны, дискурстық мәннің атаулардың лингвистикалық мәніне тәуелділігі нақты мысалдарды талдау арқылы дәлелденген. Ономастикалық дискурста онимдер дискурстық аспектіде зерттелетінін атай отырып, ономастиканың дискурстық аспектісі терминіне жалқы есімдерді ономастика теориясы шенберінде дискурстық тұрғыдан зерттейтін бағыт дең аныктама ұсынған. Зерттеу мазмұнында талдаулар негізінде тұжырымның дұрыстығы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Колдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. 2-тұжырымында ономастикалық дискурста атаулар когнитивтік-дискурстық сипатта ие болатыны және ол сипаттың ономастикалық

	<p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) ортша; <u>3) кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженін колдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> 2) жок 3) бұл тұжырымда макаладағы ереженін дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>атауга байланысты жинақталған мәтіндер жиынтығымен (дискурстық оріснен) калыптасатыны, әрі накты коммуникативтік жағдаятта катысушилардың санасында өзектеліп, козғалыска түскен кезде айқындалатыны «Умай ана» мифонимінің дискурстық орісін танытатын дискурс-матіндерді және респонденттер санасында өзектелуін зерделеуге қатысты сауалнама материалдарын талдаумен, теориялық зерттеулердегі тұжырымдармен дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Колдану деңгейі кең. Макалада дәлелденген.</i></p> <p>3-тұжырымы ономастикалық атаулардың дискурстық бірлік ретінде қарастырылатыны, олардың өз дискурстық орісін калыптастыратыны және ол орістің ономастикалық дискурстың кұрамдағас боліктерімен ((1) атауды беруші (тіл иесі – халық), 2) атау (ономастикалық бірлік), 3) атауды колданушы (тіл тұтынушысы), 4) сөйлеу жағдаятына сай атаудың мағынасын анықтайтын мәтін немесе білім)) бірге жұмсалатыны накты онимдерді талдау негізінде және теориялық зерттеулердегі тұжырымдармен сабактастырылып дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Колдану деңгейі кең. Макалада дәлелденген.</i></p> <p>4-тұжырымда ономастикалық атаулардың дискурстық әрекеттің кұрамдағас болігі болып, дискурстың барысында калыптасып, сол дискурстың інтижесі ретінде атауыштық мәнге ие болып, әрі дискурсты калыптастыруда бастапқы «шикізат» ретінде де қызмет аткаратыны, карым-катаңас кезінде ономастикалық атаулардың астарында жатқан мәтіндік акпарат ұғынылатыны накты жасалған талдаулармен дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Колдану деңгейі кең. Макалада дәлелденген.</i></p> <p>5- тұжырымда Қазақстандағы 2020-2025 жылдары койылған танымал есімдерді талдап, есімдердің көгамдағы діни, ұлттық және жаһандық дискурстардың тоғызысын көрсететінін, ономастикалық дискурста есімдердің атау гана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың көрінісі болатынын дәлелдеген. Талдау негізінде ер балаларға койылатын есімдердің 60-70% араб-парсы және исламдық есімдер, 30-40% казакша немесе түркілік есімдер екенін, қыз балалар есімдерінің 50-60% араб-парсы, 40-50% қазаки есімдер болғанын, казак ұлдарына</p>
--	---	---

кобінесе исламдық есімдер койылғаны мен кыздар арасында казакша есімдер көбірек сакталғанын аныктаган. Исламдық есімдер үл балалар арасында өте танымал болса, ал кыз есімдерінде ұлттық ерекшеліктер көбірек сакталғанын, бұл үрдіс діни сенім, тарихи сана, жаһандану және фонетикалық талғам сиякты факторларға байланысты қалыптасып отырғанын, есімдерді лискурстyk аспектіде талдау ат коюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудын тартысы жүріп жатқанын білдіретінін негізденген. Діни кабагтағы есімдердің көп койылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсететінін атап, сол себептے ат коюда, балаға есім тандауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді тандауды насиҳаттау қажеттігін айқындаپ дәлелденген. Қазаки есімдерді дәріндеу және ұлттық есімдерге басымдық беру қажеттігі талдау нәтижелерімен дәлелденген.

Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

6- тұжырымда казак қоғамында балаға есім тандауда отбасылық құндылықтар мен дәстүрлі шешім кабылдау үлгісі сакталып отырганын респонденттердің 70.5 % жауаптарына сүйене отырып дәлелден, қазак қоғамында есім берудің тек ата-ананың емес, бүкіл әулеттің келісімімен берілетін манызды әлеуметтік акт екенін, бұлай болудың ұқымдық сана мен мәдени дәстүрлік көрінісі саналатынын, ата мен әжелердің есім беруге қатысуы, ырым ету, ақылласу – әулеттік-мәдени кодтың белсенділігін айфактайтынын, әрі генеалогиялық жадтың (отбасы шежіресінін) ономастикага әсерін танытатынын дәлелденген. Талдау жасау негізінде балаға есім тандауда индивидуализм, дербес тандау арта бастағанын респонденттердің 16.4 % жауаптарына негіздей отырып талдан, оның себебін модернизацияланған отбасылық құрылымның әсерімен сабактастырып, қоғамда есім тандауда сыртқы медиалық контенттен горі ішкі дәстүр басымдығын, талданған жауаптардың әлеуметтік желі мен интернеттің ықпалы төмөндігін көрсеткенімен, жаһанданудың, инфлюенсерлік мәдениеттің, трендтік есімдердің біртіндеп ене бастағанын сауалнама нәтижесімен дәлелденген.

Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Ұсынылып отырган зерттеу жұмысынын негізгі корытындылары ономастика мен дискурсология мәселелерін зерттеген теориялық ғылыми зерттеулерге талдау жасай отырып айқындалған, зерттеу бағыттары жүйеленген. Соган сәйкес ономастикалық дискурстың ерекшеліктерін анықтау казак тіліндегі ономастикалық атауларға дискурстық талдау жасау арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыста ономастикалық дискурс, ономастикалық мәтін және олардың озара айырым белгілері, онимдердің мәтін мен дискурс бірлігі сипатындағы өзгешеліктері, ономастикалық атаудың дискурстық өрісі, дискурстық құрал, бірлік қызметтері мен ролі, мәдени және әлеуметтік код қызметін атқаруы накты теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, накты онимдер талдау арқылы айқындалған (16-66-беттер), топонимдер мен гидронимдердің ішкі танымдық құрылымдары мен символдық жүктемелері, ономастикадагы халықтық лингвистика элементтері, яғни атауларға берілген халықтық түсініктер, аныз-әпсаналар арқылы жасалған лексикалық интерпретациялар ерекше орын алатыны атальп, мұндай түсініктер халықтың өз тегін тану, дүниені қабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде ономастикалық дискурстың қалыптасуына үлес косатыны зерделеніп, дискурстық мәннәтіндік, танымдық, этимологиялық талдау (68-130 беттер) жасау арқылы дәйектелген. Диссертацияда 1) «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санаудағы сипатын анықтау максатында (100 респондент), 2) казіргі тілдік тұлғалар санаудың есім мазмұнында бекітілген тіл, мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу максатында (100 респондент), 3) ата-аналардың балага есім таңдаудың дағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған (61 респондент) сауалнама жүргізіліп, жауаптарына дискурстық талдау жасау негізінде ғылыми- практикалық ұсыныс берілген (129-130 беттер).

7.5 Диссертация мазмұны бойынша халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 2 макала (Q 1 процентилі бар журналда), КР ЕжжБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бакылау комитеті ұсынған басылымда 3 макала және халықаралық

			және практикалық конференцияларда, өзге басылымдарда 4 макаланың жариялануымен расталады.
8.	Дайектілік қагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>и亞;</u> 2) жок.	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген. колданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың болімдерінде нақты сипатталған. Зерттеуде бакылау, салыстыру, жалпылау, талдау, корытындылау тәрізді жалпығылыми әдістермен бірге арнайы зерттеу әдістері, атап айтканда, ономастикалық бірліктердің дискурстық мәнін айқындау мақсатында дискурстық талдау, мәннәтіндік талдау, танымдық және концептуалды талдау, этимологиялық талдау, күрылымдық талдау және лингвистикалық эксперимент (сауалнама) әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссиденттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байкалады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>и亞;</u> 2) жок.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өнлеу және интерпретациялау әдістемелерін онимдердерге талдау жасауда және эксперименттік талдауда пайдаланған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар З эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Атап айтканда, «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтау мақсатында 100 респонденттен алынған сауалнама (46-66-беттер), 2) қазіргі тілдік тұлғалар санасында есім мазмұнында бекітілген тіл, мәдениет, тарихи таным мен жеке кабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында 100 респонденттен алынған сауалнама, 3) ата-аналардың балага есім таңдауындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған 61 респондентпен

	<p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>жүргізілген сауалнама материалдарына жасалған дискурстық талдау (109-130) беттерде толык корініс тапқан. Сол арқылы ұсынылған корытындылар расталған. Диссертант ұсынған онимдерді мәтін бірлігі мен дискурс бірлігі ретінде талдау алгоритмі де зерттеудегі жүйелі де кисынды талдаулармен дәлелденген. Диссертант өз жұмысының негізгі ой-корытындылары мен талдауларын жүйелеп 27 кесте мен 11 сурет ұсынған.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаган</u>.</p>	<p>Манызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай енбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылықта алынып, сілтемелермен расталған: ономастика мәселелерін дәстүрлі күрылымдық тұрғыдан талдаған зерттеулер, жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтер (А. Байтұрсынұлы, К. Жұбанов, Ж. Досқараев, С.А. Аманжолов, А. Ыскаков, Г. Мұсабаев т.б.), этимологиялық теория (Я. Гримм, Ф. Бопп т.б.), семиотикалық аспектіде (Ф. де Соссюр, Ч. Пирс т.б.), жүйелі ономастикалық зерттеулер (Г.К. Конкашпаев, Е. Қойышбаев, Т. Жанұзаков, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев т.б.), ономастикалық мәселелерді функционалды-прагматикалық қырынан талдаған енбектер (Е.А. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, И.В. Крюкова, Н.В. Васильева, Д. Остин, Д. Серл т.б.), психолингвистикалық (Т.В. Линко, Е.Л. Березович, И.С. Карабулатова, Л.М. Дмитриева, В.И. Супрун, М.Е. Новичихина, т.б.), әлеуметтік лингвистикалық (З.К. Ахметжанова, О.Б. Алтынбекова, Г. Алдаберген, М.К. Исаев, А.Е. Карлинский, С.И. Исабеков, Ж. Смагулова, М.М. Копыленко, Э.Д. Сулейменова, С.Ю. Соң, В.А. Никонов, Б.Х. Хасанов, А.В. Суперанская т.б.), этнолингвистикалық және лингвомәдени (А.А. Абdraхманов, Н.А. Бердяев, Г.Б. Мадиева т.б.), когнитивтік (Г.Б. Мадиева, Т. Коныров, Қ.Қ. Рысберген, Е. Керімбаев, Г. Сағидолда, А. Арысбаев, Б. Тілеубердиев, Ж. Жартыбаев, Б. Тараболов, С.К. Иманбердиева, А. Әлімхан, К. Головина және т.б.), ономастиканы</p>

		<p>дискурс теориясы кырынан зерттеген (Е.Ю. Позднякова, М.В. Горбаневский, В.О. Максимов т.б.), ономастикалық дискурсты мифологиялық кырынан карастырган жұмыстар (К.Г. Юнг, С. Кондыбай, Б. Акберлиева, Ж.О. Тектіңұл, К.К. Садирова т.б.). казак ономастикасындағы сөз энергетикасын талдаған (Ж.А. Манкеева т.б.), дискурс теориясына қатысты зерттеулер (Ф. де Соссюр, К. Леви-Стросс, М. Фуко, Ж. Деррида, Э. Лакло, Ш. Муфф, Н. Фэрклou, Т. ван Дейк, Р. Водак, Л. Иригарей, Д. Батлер, С. Холл, В.З. Демьянков, Ю.Н. Карапулов, Н.Д. Арутюнова, А.А. Кибрик, В.И. Карасик, Ж. Гийом, Д.Е. Мальдидье, Е.С. Кубрякова, Г.А. Орлов, Л.М. Макаров, М. Стабс, Д. Кэмерон, Д. Таниен, В.Г. Борбелько, И.Г. Атрошенко, В.Е. Чернявская, В.С. Григорьева, А.Р., Мухтаруллина, З.Ш. Ерназарова, Қ.О. Есенова, Б.А. Ахатова, Г.Г. Гиздатов, Г.Н. Смағұлова, Б.С. Жұмагұлова, Г. Әзімжанова, Б. Қалиев, Г. Бүркітбаева, Н. Үәли, Е. Әлкебаева, Қ.Б. Құдеринова, Ж.М. Кенишінбаева, С.Б. Альпатина, Ш.А. Сабитова, А.Е. Сәденова, Ш.А. Нұрмышева, Г. Мұратова, А.Т. Қасымбекова, А. Әділова, К.К. Садирова, Л. Актанова, А.М. Куркимбаева т.б.)</p>
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u> .	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауга жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді косканда 168 әдебиет көзі колданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай корсетілген.</p>
9	Практикалық күндылық кагидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>бар</u>; 2) жок.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок.

		ретінде практикалық маңызы зор.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады. Онимдерді дискурстық аспектіде галдау алғаш рет жүргізіліп отыр.	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға койылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қыскартулар, аныктамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнмен, ұсынылған тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарағымнан арнайы ескерту жасайтында кемшілік кездеспеді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация такырыбы бойынша тоғыз жарияланымы бар. Олардың мазмұны диссертацияның әрі теориялық, әрі практикалық негізін құрайтын бөліммен сай келеді. Әр жарияланымының ғылыми деңгейі жоғары.

13.	Ресми рецензенттін шешімі (осы Үлгі ереженін 28-тар маңына сәйкес)	<p>Жазыкова Раушан Балғалиевнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Ономастикалық диссертацияның ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы таланттарға сай орындалған, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайыкты деп санаймын.</p> <p>Ізденүш Жазыкова Раушан Балғалиевнага «8D02304-Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.</p>
-----	--	---

Ресми рецензент,
филология гылымдарының докторы, профессор

16.06.2025 жыл.



Рыберген Қыздархан Күрмашкызы

(аты-жөн)	
Қолын куаландырамын	
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тл. білім институты» РМК Персоналды басқару, күжаттамасын қамтамасыз ету жөне бағылдауды білім	
« 10 »	06 2025 ж.